

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 наурыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы»8 мамырдағы N 114-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған»"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 наурыздағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі:

1) Тізбеге сәйкес мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

»

8

м а м ы р д а ғ ы

N

1 1 4 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 наурыздағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N	Атауы	Актінің нысаны	Жауапты орындау- шылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Қазақстан Республикасы әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің ведомстволық наградалары туралы	Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы	Әділетмині	2007 жылғы маусым

2	Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесі органдарының (мекемелерінің) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині	2007 жылғы маусым
3	Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині	2007 жылғы маусым
4	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	Әділетмині	2007 жылғы маусым
5	Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	ІІМ	2007 жылғы маусым
6	Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған әскери қызметшілердің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	Қорғаныс-мині	2007 жылғы маусым
7	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті қылмыстық-атқару инспекцияларының мемлекеттік наградаларды және оған құжаттарды алып қою ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	Әділетмині	2007 жылғы маусым
8	Сотталғандарды жазасын өтеуден босату үшін негіз болып табылатын аурулардың тізбесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	Әділетмині ҚАЖК, ДСМ	2007 жылғы маусым
9	Бас бостандығынан айыруға сотталғандар жіберетін және алатын хат-хабарлар-	Уәкілетті органның бұйрығы	Әділетмині	

